

Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 483 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 қыркүйекте № 24570 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 122) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрінің
2021 жылғы 29 қыркүйектегі
№ 483 бұйрығымен
бекітілді

Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ереженің 16-тармағының 122) тармақшасына сәйкес әзірленді және қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді (мұнараларды) одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізуді (бұдан әрі – көтергіштер) жүзеге асыру тәртібін нақтылайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта келтірілген зерттеп-қарау түрлері мен кезеңділігі бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 10 тамыздағы № 389 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 24006 нөмірімен тіркелген) бекітілген Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау жөніндегі) негізделген және оларды осы Нұсқаулықтың 1-тармағында көрсетілген жүк көтергіш машиналардың ерекшеліктеріне қатысты нақтылайды.

3. Осы Нұсқаулықта "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 359 бұйрығымен бекітілген Жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар), белгіленген мерзімдер қолданылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10332 нөмірімен тіркелген) және Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 14.07.2023 № 382 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2 тарау. Зерттеп-қарауды жүргізу түрлері мен кезеңділігі

4. Көтергіштің есептік қызмет мерзімін өндіруші паспортта көрсетеді. Көтергіштің паспорттың аталған деректер болмаған жағдайда, нормативтік қызмет ету мерзімі 8 жыл деп қабылданады.

5. Нормативтік қызмет ету мерзімінің аяқталуы көтергіштің паспорттың көрсетілген өндіруші кәсіпорынның көтергішті шығарған күннен бастап анықталады. Көтергішті дайындау айы паспортта көрсетілмеген жағдайда, оны дайындау мерзімі дайындалған жылдың 1-қаңтарынан бастап есептеледі.

6. Көтергіштерді одан әрі пайдалану мерзімін ұзарту мақсатында, зерттеп-қарауды жүргізуді нормативтік қызмет ету мерзімі өтелгеннен кейін жүргізу қажет.

7. Қызмет ету мерзімі өткен көтергіштерді зерттеп-қарауды жүргізудің мынадай түрлері көзделеді:

бастапқы;

қайта;

кезектен тыс.

Кезектен тыс зерттеп-қарауды жүргізу көтергіштің пайдалану мерзіміне қарамастан орындалады.

8. Көтергіштерге бастапқы зерттеп-қарауды жүргізу нормативтік қызмет ету мерзімі әзірлегеннен кейін жүргізіледі.

9. Қайта зерттеп-қарауды жүргізу саны шектелмейді. Әрі қарай пайдалану мүмкіндігі Көтергіштің жалпы техникалық жағдайымен және эргономикалық көрсеткіштерді қоса алғанда, орындалатын функцияларға және жөндеудің экономикалық орындылығына сәйкес анықталады.

10. Қайта зерттеп-қарауды жүргізу мерзімдері алдыңғы зерттеп-қарауды жүргізген ұйым қорытындысының нәтижелеріне сәйкес (негізінде), зерттеп-қарауды жүргізген ұйымымен анықталады.

11. Көтергіштер мынадай жағдайларда кезектен тыс зерттеп-қараудан өтеді:

- 1) төлқұжаттың телнұсқасын дайындау және ресімдеу немесе төлқұжаттың жаңа нұсқасын әзірлеу кезінде;
- 2) егер пайдалану процесінде көтергіш металл конструкцияларында бірнеше рет жарықтар пайда болуы байқалса;
- 3) егер номиналды жүк көтергіштіктен 50 % асатын жүктемемен сынау кезінде калдық деформацияның пайда болуы анықталса;
- 4) авариялар нәтижесінде туындайтын металл конструкцияларының деформациялары болған кезде;
- 5) егер көтергіш басқа шассиге орнатылса.

12. Келесі тексеруге дейінгі пайдаланудың ең ұзақ мерзімі көтергіштің техникалық жай-күйін, техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жүргізудің жүйелілігін ескере отырып айқындалады, бірақ 3 жылдан артық емес.

13. Пайдаланушы ұйым өндіруші зауыттың пайдалану құжаттамасын ескере отырып, жыл сайын көтергішке техникалық қызмет көрсету және алдын ала жөндеу жоспарын жасайды және орындайды.

14. Пайдаланушы ұйым толық жиынтықты жөндеуді әрбір зерттеп-қараудан кейін жүргізеді (жөндеу жүргізу қажеттілігі туралы ақаулы ведомосте жазбалар болған кезде). Күрделі-қалпына келтіру жөндеу, ал тиісінше көтергішті бөлшектеу және толық зерттеп-қарау, екінші қайта зерттеп-қараудан кейін жүргізіледі (егер өзінің техникалық жай-күйі бойынша көтергіш осы уақытқа дейін өзінің шекті жай-күйіне жетпесе және есептен шығарылмаса). Одан әрі пайдалану мүмкіндігін зерттеп-қарауды жүргізетін комиссия айқындайды.

15. Бұзылмайтын сынаудың барлық түрлері, өлшеу, механикалық қасиеттерді анықтау, металдың микроқұрылымын зерттеу, беріктікті есептеу және көтергіштерді зерттеп-қарау кезінде сынау "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, пайдалану құжаттамасының және дайындаушы зауыттардың тиісті құжаттамалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

3 тарау. Зерттеп-қарау жүргізуді ұйымдастыру

16. Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 8-тармағына сәйкес көтергіштерге зерттеп-қарауды жүргізу Заңның 72-бабының 1-тармағына сәйкес аттестатталған ұйымдарға беріледі.

17. Зерттеп-қарауды жүргізуге жұмыс жағдайындағы көтергіштер тартылады. Жұмысқа жарамсыз күйдегі көтергіштерді зерттеп-қарау, оларды жұмысқа жарамды күйге келтіргеннен кейін іске асырылады.

18. Қызмет мерзімін ұзарту мәніне зерттеп-қарауды жүргізу техникалық куәландырумен ұштастырылады.

19. Қызмет мерзімі өткен көтергіштерді бастапқы, қайталама немесе кезектен тыс зерттеп-қарауды жүргізуге беру оның иесі болып табылатын ұйым бойынша бұйрықпен айқындалады. Бұйрық бір немесе бірнеше көтергіштер тобына ресімделуі мүмкін.

20. Зерттеп-қарауды жүргізетін ұйым, нақты тапсырыс берушінің көтергішін, зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі комиссия құрамын тағайындау туралы бұйрық шығарады. Бұйрықта комиссия төрағасы және комиссия мүшелері көрсетіледі. Комиссияның ең аз құрамы - 3 адам.

21. Көтергіштің иесі зерттеп-қарауға дайындайды:

- 1) көтергіш, сынақ жүктерін зерттеп-қарау кезеңіне машинисті (операторды) бөледі;
- 2) металл конструкциялар мен механизмдерді биіктікте зерттеп-қарауға арналған жабдық (қажет болған жағдайда);
- 3) оқшаулау және жерге қосу кедергісін зерттеп-қарауды жүргізу актісі (қажет болған жағдайда);
- 4) көтергіш бойынша пайдалану құжаттамасын;
- 5) жүргізілген жөндеу (реконструкциялау) жобасы, сондай-ақ, егер бұл жұмыстар жүргізілген болса, жөндеу (реконструкциялау) жүргізу кезінде пайдаланылған металлға сертификаттар;
- 6) көтергішпен орындалатын жұмыстардың сипаты туралы анықтама;
- 7) жүргізілген техникалық қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу туралы жазбалары бар техникалық қызмет көрсету журналын (немесе вахталық журнал) дайындайды.

22. Зерттеп-қарауды жүргізу нәтижелері туралы акт одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындымен бірге жұмысқа қабілетті күйдегі және статикалық және динамикалық сынақтардан өткен көтергішке ғана беріледі.

4 тарау. Көтергіштерді зерттеп-қарауға арналған бағдарламасы

23. Көтергішті тексеру бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- 1) оқытуды ұйымдастыруды, аттестаттауды тексеру және көтергіштерге қызмет көрсететін персоналдың білімін кезекті тексеру;
- 2) көтергіш иесінде техникалық құжаттаманың жинақтылығы мен мазмұнын тексеру;
- 3) көтергіштің жинақтылығын тексеру;
- 4) көтергішке жүргізілген зерттеп-қарауды жүргізу шарттарын тексеру;
- 5) көтергіштің техникалық жағдайын тексеру;
- 6) көтергішті сынау;

Зерттеп-қарау нәтижелері осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасында қамтылған зерттеп-қарауды жүргізудің жұмыс картасына қоса берілетін тораптар, элементтер тізбесінде көрсетілген қосымша мәліметтерді ескере отырып, Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау

жөніндегі нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес тексерудің жұмыс картасына енгізіледі.

5 тарау. Көтергіштің техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулар

24. Көтергіштердің қауіпсіз пайдаланылуына өндірістік бақылауды ұйымдастыруына зерттеп-қарауды жүргізу кезінде, мыналарға назар аударылады:

- 1) өндірістік бақылауды ұйымдастыру туралы бұйрықтың болуы және орындалуы;
- 2) көтергіштердің техникалық жай-күйі мен қауіпсіз пайдаланылуы үшін жауапты адамдардың тағайындалуын қамтамасыз етеді;
- 3) көтергіштерді қарауды және профилактикалық жөндеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- 4) электр берудің әуе желілеріне жақын көтергіштердің жұмыс тәртібі туралы бұйрықтың болуы және мазмұны.

25. Техникалық құжаттаманың жиынтығын тексеру кезінде пайдалану, жөндеу және ағымдағы құжаттаманың бар екеніне көз жеткізу қажет, оның ішінде:

- 1) паспорт;
- 2) пайдалану және монтаждау бойынша зауыт өндірушінің техникалық сипаттамасы және нұсқаулығы;
- 3) техникалық қызмет көрсету карталары (нұсқаулықтары);
- 4) өндіруші зауыттан келіп түсетін жөндеу жөніндегі басшылық немесе пайдалану жөніндегі Нұсқаулық;
- 5) вахталық журнал;
- 6) негізгі құрастыру бірліктері мен тез тозатын бөлшектер сызбаларының альбомы;
- 7) пайдалану кезеңінде металл конструкцияларын күшейту бойынша монтаждауға, жөндеу жұмыстарына арналған актілерді;
- 8) электр сымдары мен қорғаныштық жерге тұйықтау оқшауламасының кедергісін өлшеу актілері;
- 9) зертхана куәліктері және негізгі металл конструкциялары металының құрамын химиялық талдау және соққы тұтқырлығын айқындау кезінде сертификат немесе паспортта жазба болмаған кезде, сондай-ақ паспорттың телнұсқасын ресімдеу кезінде, егер бұл мәліметтер өндіруші кәсіпорынның құжаттамасымен расталмаса;
- 10) бұзылмайтын бақылаудың қолданылатын әдістеріне хаттамалар;
- 11) соңғы толық техникалық куәландыру жүргізу кезінде жалпы деформацияларды өлшеу хаттамалары және ақаулар ведомостары.

26. Техникалық құжаттамамен танысқан кезде мыналар тексеріледі:

- 1) көтергіштің төлқұжаты:
тіркеу нөмірлерінің болуы;
төлқұжат парағында көзделген барлық бөлімдерді толтырудың дұрыстығы;

көтергішті жөндеу, арқандарды, тізбектерді ауыстыру, техникалық сараптама жүргізу туралы жазбалардың мазмұны;

2) көтергішті жөндеу кезінде дәнекерлеу қолданған жағдайда, жөндеу ұйымында тиісті жобаның болуы;

3) бұрын берілген ұйғарымның мазмұны;

4) металл конструкциялардың, қоршаулардың жай-күйін, электр жабдығын оқшаулау және жерге тұйықтау жай-күйін тексеру және тексеру хаттамасының (актісінің) мазмұны;

5) машинистің (оператордың) вахталық журналының мазмұны;

6) көтергішті тексеру және жоспарлы-алдын ала жөндеу кестесі;

7) көтергіште жаңадан орнатылған арқандардың, шынжырлардың беріктік қоры коэффициентінің есебі мен сертификатының болуы;

8) машинаның көтергіш металл құрылымдары элементтерінің химиялық құрамы туралы қорытындының болуы. Қоспалардың құрамы бойынша металдың химиялық құрамы осы металдарға арналған нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес болуы;

9) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес пайдалану мүмкіндігі туралы қорытындымен бірге көтергіштің техникалық жай-күйін зерттеп-қарауды жүргізу актісі (бұдан әрі – зерттеп-қарауды жүргізу актісі).

6 тарау. Көтергіштердің жиынтықтылығын тексеру

27. Көтергіш осы Нұсқаулықтың 21-тармағына сәйкес қосалқы бөлшектер мен құралдар жиынтығымен, қосалқы доңғалақпен, портативті электр шамымен, бекіту белдіктерімен, пайдалану және жөндеу құжаттамасымен толық жинақталған түрде ұсынылған.

28. Көрнекі тексеру кезінде олар барлық бөлшектердің, тораптардың болуын бақылайды және өндірушімен келісілмеген өзгерістердің жоқтығына көз жеткізеді.

7 тарау. Көтергіштің техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу шарттарын тексеру

29. Көтергішті зерттеп-қарауды жүргізу шарттарын тексеру кезінде мыналарға назар аудару қажет:

1) пневмодөңгелекті, шынжыр табанды немесе автомобиль жүрісті көтергіш орнатылған алаңның жай-күйі. Алаң көлденеңінен ауытқуы бар қатты жабынмен көлденең болуы тиіс: $\pm 3^\circ$ және 588,4 (6,0) кПа (кг/см²) дейінгі қысымға төтеп беру қабілеті);

2) көтергіштің тіркеу нөмірі, оның жүк көтергіштігі және сынау күні көрсетілген тақтайшаның болуы.

Тақтайшадағы жазулар жерден (еденнен) жақсы ажыратылуы және көтергіш паспортындағы деректерге сәйкес болуы тиіс;

3) көтергішке кернеу беретін ажыратқыштың орналасуы, оған еркін қол жетімділіктің, ажыратқышты ажыратылған жағдайда құлыптауға арналған құрылғының болуы, онда "Көтергіш" деген жазудың болуы, ажыратқыш корпусының жерге тұйықталуы;

4) электр берудің әуе желілерінің болмауы, ал олар болған кезде - көтергіштің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін қабылданған шаралардың тиімділігі болып табылады;

5) көтергішті еңіс шетіне орнату кезінде-еңіс негізіне қатысты орнатудың дұрыстығы;

6) көтергішті құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін пайдаланған кезде көтергішті құрылыс алаңында орнату орнының жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкестігі;

7) көтергіштің жүк көтергіштігін шектегішті мерзімді сынау және көтергіштің статикалық және динамикалық сынақтарын жүргізу үшін бақылау жүгінің болуы;

8) көтергішті көзбен шолып қарау үшін көмекші құралдардың: төсеме тақталардың, басқыштардың және басқа да жабдықтардың болуы.

8 тарау. Көтергіштің техникалық жағдайын тексеру

30. Тексеру кезінде көтергішті өндіруші зауыттың техникалық құжаттамасына және Қағидалардың талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізу керек.

Көтергішті шолып қарау кезінде жағдайы тексеріледі:

- 1) люлька және оның аспаларыны;
- 2) металл конструкциялары және олардың қосылыстары;
- 3) блоктар, осьтер және оларды бекіту бөлшектері;
- 4) арқандар және оларды бекітілуі;
- 5) шынжырлар және оларды бекітілуі;
- 6) механизмдері;
- 7) басқару аппараттары;
- 8) электр және гидрокұрылғылары;
- 9) қауіпсіздік құралдарының жағдайы тексеріледі.

31. Металл конструкциялары мен олардың қосылыстарын тексеру кезінде жарықтарды, деформацияларды, қабырғалардың суға батуын, металдың қатпалануын, бояудың қабыршықтануын және басқа да зақымдануларды анықтау мақсатында негізгі салмақ түсетін элементтерге назар аудару қажет.

Жарықтардың және басқа да ақаулардың болуын болжауға болатын орындарды дәнекерлеу жіктерін 5 - 10 есе үлкейтетін лупа көмегімен қарау керек.

32. Металл конструкцияларының, дәнекерленген, болтты, тойтармалы және басқа да қосылыстардың элементтерін қосымша тексеру, мыналарды қамтиды.

ақаулар немесе олардың белгілері анықталған кезде металл конструкциялары мен дәнекерленген қосылыстардың күдікті учаскелері қылшықтың немесе сығылған ауамен үрлеудің көмегімен кір мен шаңнан тазартылады, содан кейін бұзылмайтын бақылау әдістерінің бірінің көмегімен тексеріледі: ультрадыбыстық дефектоскопия, түрлі-түсті немесе магнитті ұнтақты дефектоскопия;

металл конструкциясының нақты элементін бақылаудың бұзылмайтын әдісін қолдану қажеттілігі туралы шешімді тексеру жүргізетін сарапшылар қабылдайды;

өлшеу мен сынау құралдары мен әдістерін таңдағанда, Нормативтік қызмет ету мерзімі өтелген жүк көтергіш машиналардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулықтың 16-тармағы қолданылады.

Дефектоскопия әдістері туралы қысқаша мәліметтер, Заңның 12-2 бабының 14-13) тармақшасына сәйкес әзірленген Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін тізбекті крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта келтірілген (бұдан әрі – Қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін тізбекті крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі нұсқаулық).

Дефектоскопияны жүргізу нәтижелері бойынша қызмет ету мерзімі өткен, жалпы мақсаттағы өздігінен жүретін тізбекті крандарды одан әрі пайдалану мүмкіндігін айқындау мақсатында олардың техникалық жай-күйіне зерттеп-қарауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес қорытындылар ресімделеді.

Жарықтар анықталған кезде барлық күдікті учаске коррозиядан тазартылады және металл жылтырына дейін тазартылады. Тазалау кезінде негізгі және балқыған металда майысулар мен кесіктер қалдыратын кескішпен немесе балғамен ұруға тыйым салынады.

Жарықшақтың болуын анықтау үшін келесі әдістер қолданылады:

жақсы өткір кескішпен кішкене қырынуды жоспарланған жарықшақтың бойымен алу. Жоңқалардың бөлінуі жарықшақтың болуын көрсетеді;

күдікті аймақ мол керосинмен суланады, ол біраз уақыттан кейін шүберекпен сүртіледі. Содан кейін күдікті аймақ жұқа ұсақталған бордың сулы ерітіндісімен жабады. Ағартуды кептіргеннен кейін және балғамен ұрғаннан кейін жарық аймағы қараңғыланады.

Жарықтар анықталған кезде жарықтардың даму бағытына және олардың келесі элементтерге таралуына назар аудару керек болуы:

түйіспелі қосылыстар;

фланецті қосылыстар;

бұрандалы және тойтармалы қосылыстар;

көршілес элементтердің түйісу тораптары;

белдіктердің түйіспелері (әсіресе созылған аймақтарда);

созылған күш элементтерінде әрекет ететін көлденең орналасқан дәнекерлеу жіктері;

дәнекерлеу жіктерінің жақындасу аймақтары (мысалы, қаттылық қырларын белдіктермен ұштастыру, еністердің, кронштейндердің белдіктермен қиылысу орындары).

Дәнекерлеу қолданылатын жөндеу орындарын қосымша қарау кезінде дәнекерлеу жігінің және тігіс маңы аймағының жай-күйіне (ені 20-30 мм) назар аудару қажет.

Конструкция элементтерін тексеру аяқталғаннан кейін ақаулар мен зақымданулардың болуына металдың коррозиямен зақымдану дәрежесін бағалауды, бұрандамалы және тойтармалы қосылыстардың, сондай-ақ металл конструкциялардың жалғағыш элементтерінің жай-күйін бақылауды жүргізеді.

Металдың коррозиямен зақымдану дәрежесін коррозиямен зақымданған жердегі қимасы немесе қалыңдық өлшеуіштері зақымдалмаған көлденең қималардың металл жылтырына дейін болат щеткалармен тазартылған өлшемдерді салыстыру арқылы анықтайды. көтергіштің металл конструкциясының едәуір учаскелері коррозиямен зақымданған жағдайда (жалпы бетінің 30 % - дан астамы) элементтердің қалыңдығын ультрадыбыстық қалыңдық өлшеуішпен өлшеу жүргізіледі. Салмақ түсетін элементтердің қалыңдығын азайту өлшемшарты 10 % - дан аспайды.

Бұрандамалы және тойтармалы қосылыстардың жай-күйін бақылауды балғамен жалғау арқылы жүзеге асырады. Әлсіреген тойтармаларды соққылардың дыбысымен және балғаның серпілу сипатымен анықтауға болады. Күмәнді жағдайларда тексеруді екі балғамен жүргізеді: біреуі басына соққы жасайды, ал екіншісі тойтарманың қарама-қарсы басына басылады. Тойтарманың әлсіреуі соққы кезінде екінші балғаның күрт көтерілуімен бірге жүреді. Әдетте әлсіреген болттар мен тойтармалар бастың айналасындағы жиекпен немесе тоттың ағып кетуімен сипатталады.

Металл конструкциялардың (құралдардың, осьтердің) жалғағыш элементтерін бақылауды бекіткіш элементтердің (ригельдердің, бүйір шайбалардың) жай-күйін тексеруден бастайды. Бекітуші элементтердің қосылыста осьтік күш-жігердің болуын куәландыратын зақымданулары анықталған кезде құралдарды (осьтерді) бөлшектеу және оларды, әсіресе отыратын орындарды мұқият тексеру қажет болуы. көтергіштің байланыстырушы элементтерін қозғалыстардың жұмыс қабілеттілігі мен нақты шамаларын бағалау үшін оның қозғалмайтын күйінде де, жүктемемен жұмыс істеген кезде де қарау керек болуы.

33. Тізе, телескопиялық тізе, көтергіштер дінгектерінің жебелерінің деформацияларын өлшеу, келесі түрде жасалады:

тізелердің, телескопиялық тізелердің, тізбектер мен мачталардың деформациясы созылған жіптің көмегімен анықталады, соған сәйкес металл құрылымының шеттеріне дейінгі арақашықтық өлшенеді;

тізе, телескопиялық тізе мен жебенің бұралуы металл құрылымдардың жоғарғы және төменгі шеттерінен арақашықтық бойымен біркелкі орналастырылған 3 – 4 қимаға дейінгі қашықтықты өлшейтін сызықтар көмегімен анықталады;

Жекелеген металл құрылымдарының деформациясы (қисаюы) металл құрылымына параллель созылған жіпке қатысты ауытқу мөлшерімен анықталады.

Өлшеудің басқа әдістерін қолдануға рұқсат етіледі:

34. Машиналардың машиналардың металл конструкцияларының шекті ауытқулары осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген шамалардан (бұдан әрі – көтергіштердің металл конструкцияларының шекті ауытқулары) аспауы тиіс.

9 тарау. Көтергіш металл конструкцияларының көтергіш және қосалқы элементтер металының химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау

35. Металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін анықтау қажеттілігі келесі жағдайларда туындайды:

1) егер көтергіштің паспортында немесе дайындаушы кәсіпорынның басқа құжатында ол дайындалған металл туралы деректер болмаса;

2) егер көтергіш қоршаған ортаның температурасы көтергіш паспортында көрсетілген төменгі шекті мәннен төмен болған кезде пайдаланылса немесе ұқсас жағдайларда көтергішті пайдалану болжанса;

3) егер көтергіш паспортта көрсетілмеген немесе сертификаттары жоқ болат маркасы бар элементтер қолданылған кезде жөндеуге және жаңғыртуға ұшыраса.

36. Металдың химиялық құрамы мен механикалық қасиеттерін айқындау қажеттігі туралы шешімді тексеру жүргізетін комиссия шығарады.

37. Металдың химиялық құрамын анықтау үшін сынамаларды (жоңқаларды) іріктеу "Шойын, болат және қорытпалар. Химиялық құрамы үшін сынама алу әдісі" МЕМСТ 7365-81 бойынша өткізеді. Сынамаларды іріктеу әдістері металл конструкцияларын тексеру бойынша барлық басқа жұмыстар жүргізілгеннен кейін анықталады.

Металл конструкциясының материалын химиялық талдауға арналған жоңқа сараптау ұйымының нұсқауы бойынша іріктемелі тәртіппен (негізгі элементтерден, металл конструкциясының учаскелерінен кемінде 30 гр.) алынуы тиіс.

Жоңқаларды алу орындары бояу мен тоттан алдын-ала тазаланады және металл жылтырына дейін тазаланады.

Көтергіштерден сынамалар жебенің, иіннің, дәнекерленген секциялардың, телескопиялық иіндердің, тірек рамалардың белдіктері мен еңістіктерінен алынады.

Жоңқаны алу үшін бұрғылау металдың барлық қалыңдығына, диаметрі прокаттың бір жарым қалыңдығынан аспайтын бұрғылаумен, бұрғылаудың диаметрі 3 – 5 мм) жүргізіледі.

Егер жоңқа кескішпен алынып тасталса, онда үлгіні алу орны тегістеу машинасымен өңделуі керек болуы, осылайша жиек сызығы тегіс болады.

Жоңқаны алу үшін бұрғылау диаметрі прокаттың бір жарым қалыңдығынан аспайтын бұрғылаумен металдың барлық қалыңдығына жүргізіледі.

Бұрғылаудан кейін тесіктер қайнатылмайды. Тесіктер арасындағы және тесік жиегінен элемент жиегіне дейінгі қашықтық бұрғының үш диаметрінен кем болмауы тиіс (10 – 15 мм кем емес).

Жоңқа буып-түйіледі және таңбаланады.

Іріктелген жоңқаларға көтергішті, элементті, профильді, жоңқаларды алу орнын көрсете отырып ведомость жасалады.

Металл сынамаларының химиялық талдауын аккредиттелген зертхана "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Талдау әдістеріне қойылатын жалпы талаптар" МЕМСТ 22536.0-87, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Жалпы көміртекті және графитті анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.1-88, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Күкіртті анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.2-87, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Фосфорды анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.3-88, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Кремнийді анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.4-88, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Марганецті анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.5-87, "Көміртекті болат және легірленбеген шойын. Мышьяқты анықтау әдістері" МЕМСТ 22536.6-88 сәйкес өткізеді.

Химиялық талдау көміртектің, марганецтің, кремнийдің, күкірттің, фосфордың құрамына және болаттың болжамды құрамына, басқа элементтерге байланысты жүргізіледі.

38. Үлгілерді іріктеу және көтергіштердің металл конструкцияларының негізгі көтергіш элементтерінің соққы тұтқырлығын анықтау келесі түрде жасалады:

соққы тұтқырлығын сынауға арналған сынамалар негізгі салмақ түсетін элементтерден кесіледі. Бір партияға көлденең қимасы бірдей прокаттың бір түрінің элементтері кіреді;

сынамалар кесілетін элементтерде металдың химиялық құрамы бойынша талдау нәтижелері болуы тиіс. Химиялық талдау үшін соққы тұтқырлығы сынамаларының материалын пайдалану болуы керек;

соққы тұтқырлығын анықтау минус 20 °С және минус 40 °С температурада, сондай-ақ плюс 20 °С кезінде жүзеге асырылады (тиісті теріс және оң температурада жұмыс істейтін көтергіштер үшін).

Үлгілердің саны әр партияға кемінде 3.

"Жалға. Механикалық және технологиялық сынақтарға арналған сынамаларды, дайындамалар мен үлгілерді іріктеудің жалпы қағидалары" МЕМСТ 7564-97, "Дәнекерленген қосылыстар. Механикалық қасиеттерді анықтау әдістері" МЕМСТ 6996-66 және "Металдар. Төмен, бөлме және жоғары температураларда соққы бүгілісін сынау әдісі" МЕМСТ 9454-78 (бұдан әрі - МЕМСТ 9454-78) беріктілік және аққыштық

шегіне сынақтар, салыстырмалы ұзару және соққы тұтқырлығы бойынша өткізіледі. Қажет болған жағдайда, механикалық қартаюдан кейін соққы тұтқырлығына сынақтар "Болат. Соққылық иілуге сынау бойынша механикалық қартаюға бейімділікті анықтау әдісі" МЕМСТ 7268-82 (бұдан әрі - МЕМСТ 7268-82) бойынша жүргізіледі.

Соққы күшінің мәндерін МЕМСТ 9454-78 және МЕМСТ 7268-82-де көрсетілген мәндерден төмен алған кезде көтергіштің жұмыс режиміне шектеулер енгізіледі.

Сынамаларды іріктеу орнын сараптама жасау ұйымы айқындайды. Іріктелген дайындамаларға керн немесе бояумен таңба салынады.

Тізімдеме элементті, кесу орнын, таңбаны көрсете отырып жасалады.

Сынамаларды іріктеу ең аз күштік әсер ету учаскелерінде жүргізіледі. Егер сынамаларды іріктеу үшін салмақ түсетін элементті алып тастау қажет болса, жаңа элементті орнатқаннан кейін түйін элементтеріне жүктемелерді қайта бөлуді болдырмау үшін машинаның металл құрылымының орнын оны алып тастағанға дейін бекіту қажет. Үлгіні кесу нәтижесі болып табылатын элементтің көлденең қимасы ішінара азайған кезде элементтің көлденең қимасы қалпына келтіріледі. Жөндеудің қолданылатын әдістері элементтердің жұмысқа қабілеттілігін толық қалпына келтіруді, кернеу шоғырлануының ең аз коэффициенттерін (ендірмелердің, жапсырмалардың нысаны, жиектерді, дәнекерлеу жіктерін тазалау) көздеуі.

Тойтарылған конструкцияларда электр дәнекерлеуді қолдану дәнекерлеуге жол беретін металдың химиялық құрамы кезінде ғана мүмкін болады.

Табақты конструкциялардан сынамаларды кесу кезінде илектеу бағытын ескеру қажет.

Қаңылтыр конструкциядан илектеу бағытына бағдарланған сопақша сынама бойлық бағытта өлшемі – 120 мм, көлденеңінен – 80 мм, дөңгелектеу радиусы – 40 мм кесіледі. Соққы тұтқырлығы үшін үлгілер көлденең бағытта кесіледі.

Сынамаларды алу орындары ең жақын ішкі қаттылық қабырғасынан кемінде – 70 мм ауытқуға тиіс.

10 тарау. Көтергіштің металл конструкцияларын зерттеп-қарауды жүргізу нәтижелері туралы қорытынды жасау

39. Зерттеп-қарауды жүргізу кезінде металл конструкцияларының мынадай ақаулары тіркеледі:

- 1) барлық түрдегі, бағыттағы және көлемдегі жарықтар;
- 2) жергілікті деформациясы бар тораптар мен элементтер;
- 3) шоғырланған жүктемелердің әсерінен жалпы деформациялар, сондай-ақ дайындау, монтаждау немесе пайдалану кезінде туындаған деформациялар;
- 4) қабырға қалыңдығынан 10 кем емес қашықтыққа қосу жіктеріне қаттылық қырларының дәнекерлеу жіктерін жақындату;

5) тік және көлденең қаттылық қабырғаларының қиылысу орындарында дәнекерлеу жіктерінің жанасуы (қабырғалардың бірінде олардың қиылысу орнында қиғаштар болмаған кезде);

6) фасонкада тор және белдік элементтерін бекітетін дәнекерлеу жіктерінің металл конструкцияларының тораптарында – 50 мм-ден кем шамаға жақындауы;

7) фасонкаларды формалардың белдіктеріне үзік-үзік тігістермен бекіту;

8) тік қабырғаны үзік-үзік тігістермен белдіктерге бекіту;

9) еңістерді дәнекерлеуге арналған Н-тәрізді өзектер белдіктерінің бірінің үзілуі;

10) арқалықтар белдеулеріне контур бойынша дәнекерлеусіз немесе түйістірмей (толық пісірусіз) қабаттасып фасонкаларды дәнекерлеу);

11) жапсарлас элементтердің ұштарына жанасатын тігістер болған кезде жапсырмалардағы жапсарлас қосылыстар;

12) өңделмеген жиектері бар, күйген, контур бойынша жиектелмеген, пісірілген тесіктер;

13) элементтің қалыңдығы 20 мм-ге дейін болғанда тереңдігі 0,5 мм-ден астам және элементтің қалыңдығы 20 мм-ден астам болса, қалыңдығы 3% - дан астам тереңдіктегі негізгі металды кесу;

14) элементтердің суықтай күйінде түзету нәтижесінде пайда болатын майысулар, кенжарлар және басқа да зақымдары;

15) элементті түзету мақсатында доғалы дәнекерлеумен бағытталған қорғалмаған білікшелер;

16) шлақтың, шашыраудың, металл балқымаларының қалдықтары (дәнекерлеу аяқталғаннан кейін, жапсарлас жіктің басы мен соңын дәнекерленетін бөлшектер шегінен шығару, оттегі немесе доғалық дәнекерлеу), әсіресе есептеу элементтерінде;

17) бөлшектерді уақытша бекіту үшін қызмет ететін қармауыштар (тігістер орналасқан жерден тыс), монтаждау планкаларының, бұрыштарының қалдықтары;

18) дәнекерлеу жіктерінің әртүрлі ақаулары, түйістіру элементтерін қосу кезінде тігіс түбірінің пісірілмеуі, бұрыштық жіктердің жиектерінде балқымауы, Тегіс немесе ұсақ қабыршақты беті жоқ, негізгі металға бір қалыпты өтпей тігістер, жоғарғы толық немесе түйістіру жіктерінің толық пісірілмеуі, қож қосындылары және газ кеуектерінің жиналуы, аяқталмаған кратерлер, механикалық әсерлерден тігіс бетіндегі кесу немесе кесулер.

40. Барлық анықталған ақаулар схемада (жалпы түрдегі сызбада) немесе машинаны зерттеп-қарауды жүргізу картасында көрсетіледі.

Қажет болған жағдайда жалпы түрдегі сызбаға байланыстыра отырып, зақымдануды сипаттайтын өлшемдерді көрсете отырып, ақаулы жердің эскизін жасау.

Эскизде майысқан элементтер мен майысуы бар элементтер үшін:

майысу тереңдігі (майысу);

ол таралатын ұзындық;

іілу кернеуі (жазықтықта немесе құрылым жазықтығынан) көрсетіледі.

41. Анықталған ақаулардың шамаларын рұқсат етілген шамалармен салыстырғаннан кейін комиссия көтергіштердің металл конструкцияларының шекті ауытқуларының талаптарын және көтергіштердің металл конструкцияларының шекті ауытқуларында және осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасында жазылған талаптарды, белгіленген ақауларды жою мерзімдерін, жүк көтергіштігінің шамасын және көтергішті келесі зерттеп-қарауды жүргізу күнін ескере отырып, металл конструкцияларын одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы жалпы қорытындының нұсқасын дайындайды.

11 тарау. Блоктарды тексеру

42. Блоктарды тексеру кезінде:

- 1) күпшекте, ребордтарда жарықтар мен сынықтардың болмауын;
- 2) бұлақта арқан таңбаларының болмауын;
